

8 <https://slovariki.org/>

9 Amirova, Zh. *Audarmashy qyzmetinin kasibi negizderi: Adistemelik qural* (2009) [Professional foundations of the translator's activity: a methodological manual], Almaty.

10 Boyd, R.L., & Schwartz, H. A. Natural Language Analysis and the Psychology of Verbal Behavior: The Past, Present, and Future States of the Field // *Journal of Language and Social Psychology* – 2021. №40(1). 21-41 bb. <https://doi.org/10.1177/0261927X20967028>

11 Fernando Poyatos. *Nonverbal Communication across Disciplines: Volume 3: Narrative literature, theater, cinema, translation.* – John Benjamins Publishing, 2002.

12 Badan, A.A., Dudnyk, T.O. *Nonverbal Cues Across Ukrainian and Austrian Cultures: Comparative Analysis* // *Vcheni zapiski TNU imeni V. I. Vernads'kogo. Serija: Filologija. Zhurnalistika.* 2023. – V. 34 (73). № 5.

13 Aitbaev, O. *Audarmadagy frazeologialyq qubylys* (1975) [Phraseological phenomenon in translation], Almaty.

14 Recker Ja.I. *Teoriya perevoda i perevodcheskaja praktika. Oчерki lingvisticheskoy teorii perevoda* (2007) [Translation theory and translation practice. Essays on the linguistic theory of translation], Moscow.

15 Reformatskij A.A. *Lingvisticheskie voprosy perevoda* (1952) [Linguistic translation issues] // *Inostrannye jazyki v shkole.* №6.

16 <https://sinonim.org/>

Received: 29.01.2024

МҒТАР 16.31.02

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss1pp135-145](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss1pp135-145)

Г.Ә. Мұратова

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010008, Қазақстан Республикасы

АБАЙДЫҢ ТІЛДІК ТҰЛҒАСЫНДАҒЫ ЭТНОМӘДЕНИ ЛЕКСИКА СИПАТЫ

Мақалада Абайдың тілдік тұлғасы негізінде этномәдени лексиканың (киім атауларының) лингвокогнитивтік деңгейі ұлттық таным мен ұлт мәдениеті дерегі ретінде қарастырылады. Абайдың тілдік әлемін бүгінгі лингвистикадағы білім парадигмасының соны бағыттағы ұстанымдарына сәйкес ұлт – тіл – мәдениет бірлігінде саралау зерттеудің теориялық құндылығы болып табылады. Зерттеу нәтижесінде, тілдік тұлғаның поэтикалық жүйесіндегі этномәдени бірліктер талданады. Олар рухани әлеуметтік маңыз иеленген код дәрежесінде берілген. Зерттеу мақаласының әдіснамалық негіздері лингвомәдениеттану, этнолингвистика және көркем мәтін герменевтикасы бағытында қарастырылады. Қазақ ұлттық киім атауларының аударма процесіндегі қиындықтары мен ерекшеліктерін анықтау алдағы зерттеулердің үлесінде.

Кілт сөздер: лингвомәдениеттану, тіл мен этнос, вестилды лексика, киім атаулары, ұлттық мәдениет, семиотикалық таңба, стиллема, герменевтикалық талдау, тілдік бірлік.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Ұлы ақын, қоғам қайраткері, ойшыл Абай – әдебиеттің әлеуметтік мәнін, сөздің қуат-күшін ой-көзімен, сергек санамен сезінген қаламгер. Ол Сөзді (шығармашылық қазына аралын) өзінің тәрбиелік мақсат мұратына бағындырды. Бүгінгі бәсекеге қабілетті қоғам заңдарына Абайдың ой әлемінің мазмұны тікелей сәйкеседі. ХХІ ғасырда филология, оның ішінде тіл білімі ғылымында, заманауи талаптарға сәйкес зерттеудің әдіс-тәсілдері жаңғырып,

түрлене түскені белгілі. Ұлттық рухани құндылықтарды сана сүзгісінен қайта бір өткізіп, жаңғырту – ұлтымыздың діттемі. Оның жандана түскені де даусыз. Сөйтіп, білім беру парадигмасындағы өзгерістер Абайтану пәнін терең меңгеруді міндеттейді. Абай шығармашылығы иманенттік тіл білімі шектеуінен шығып, «тілді өзі үшін, өз ішінде» зерттейтін құрылымдық тіл білімі шеңберінде қалмай, антропоэзектік парадигмаға сәйкес лингвокогнитивтік аспекті деңгейінде, ғылыми жаңа бағытта зерделеніп отыр. Сондықтан да Абайдың шеберлік зертханасы мен таным әлемі осы бағытта жан-жақты ашыла түсуі үшін, әр Сөзінің астарын сөгіп, салмағын таразылау қажет.

Зерттеу барысында шетелдік, отандық ғалымдардың ұстанымдары назарға алынды. Соған сәйкес, ұлттың мәдениетін жалпы адамзаттық мәдениетпен сабақтастыра қараған зерттеулерді атап өткен жөн. Мысалы, киім атауларының көркем мәтіндегі қолданысының этнолингвистикалық сипатын қарастырған зерттеу жұмыстарында, ұлттың өмір сүру салты мен халықтың эстетикалық талғамын сипаттаған еңбектерде халықтың тарихи дамуы, географиялық жағдайы, табиғи орта ерекшелігіне қарай киім атаулары өз бойына құнды мәліметтер жинаған ақпарат көзі ретінде талданған.

Халық тарихымен өзектесе зерттелу қажеттігіне нұсқаған отандық ғалымдар зерттеулері де назардан тыс қалмады. Бұл еңбектерде киім-кешек атаулары – тарихи этнографиялық қайнар көз дәрежесінде қарастырылады.

Этномәдени лексиканың тілдік табиғатын ашу қазақ тіл білімінің лингвокогнитивтік бағдарымен өзектесіп, ұлттық және тарихи мәдениетіміздің жандануына негіз қалайды.

Зерттеу жұмысындағы лингвокогнитивтік талдауға түскен этномәдени лексика – белгілі бір ұлттың мәдени мұрасын танытатын рухани құндылық дәрежесін иеленген. Талдауға негіз болған ғылыми нысанға қатысты алғанда былайша ой тұжырым жасауға болады: тілдің кумулятивтік қызметінен өріс алып, этностың тілі мен тарихындағы, мәдениетіндегі дәстүр жалғастығының дәлелі бола алатын деректер – бүгінгі тіл білімінің этнолингвистика, психоллингвистика, лингвомәдениеттану сияқты зерттеу бағыттарына ортақ, әрі олармен үйлесе қызмет атқаратын әлеуеті жоғары этнотаңбалар қызметінде зерттелді. Тілдік тұлғаның поэтикалық жүйесі мен дискурсының семантикалық құрылымында орын алған этномәдени бірліктер рухани әлеуметтік маңыз иеленген код дәрежесінде таңбаланған.

КІРІСПЕ

Қазақ лингвистикасының жаңа бағыттағы зерттеу арналарына сәйкес, Абайдың сөзі, Абайдың әлемі – ұлт-тіл-мәдениет сабақтастығындағы ғылыми танымның өзекті бір саласы болып отыр. Соған қатысты сан-салалы зерттеулер орталығында әр қырынан сараланып келсе де, шешімін табуды қажет етер мәселелердің шектелмегені де мәлім. Өйткені, ұлылықты тану мен таныту – үздіксіз жалғасын табар ұлы іс. Ақынның әлемі – терең ойдың теңізі іспетті немесе ғылыми деңгейі тереңге тартар тұңғыық. Адамтану ғылымы мен тұлғатану ғылымында зерттелуі жалғаса беретін өміршең тақырып.

«Абайды Жаңа Қазақстанның бренді ретінде әлем жұртшылығына кеңінен таныстыру қажет. Бұл – бүгінгі ұрпақтың қастерлі борышы», – деп [1] мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев абайтану ғылымының алдына келелі де нақты міндеттерді белгілеп берген болатын. Себебі, адамзаттың ұлы ойшылы дәрежесінде бағаланып отырған кемеңгер тұлға Абай ақын – қазақ халқының мақтаныш тұтар беделінен де биіктеп, әлемдік деңгейге көтерілген парасат иесі. Абайдың поэтикалық әлемі – ұлттың биік санасы мен терең ойының көрінісі екені дәлелсіз ақиқат. Бұл мәселе лингвофилософиялық тұрғыда әрі қарай зерттеле түсуі қажет.

«Ең алдымен, Абайды ұлтымыздың мәдени капиталы ретінде насихаттауымыз керек... Ғұлама Абай – қазақ топырағынан шыққан әлемдік деңгейдегі кемеңгер. Ол күллі адамзат баласына ақыл-ойдың жемісін сыйлады» [1]. Бүгінгі қоғам жаһандануға байланысты жаңғыруды бастан өткеріп отырған тұста, данагөй Абайдың ғибраты қазақ баласын ұлттық рухта кемелдендіру тұғырнамасы болып табылатын маңызымен өзектеледі. Соған сәйкес, қоғамдық санаға ұлт мәдениетін сіңіруде Абай ғұламаның парасат әлемін, ой-танымын терең

де, жан-жақты зерттелуі аса өзекті. Қазақ сөзінің тылсым қуатын танытудың түрлі амал-тәсілдерін ақын Абай шеберлікпен пайдаланады.

Құрылымдық тіл білімінде сөздің танымдық табиғатына, тіл мен этнос бірлігіне жете мән берілмегені белгілі. Осы мақалада Абай тілдік тұлғасы жаңа антропоөзектік бағытта талдауға түседі. Қарапайым ғана этномәдени лексика (киім атаулары) ұлттық құндылықтардан мағұлмат жеткізуші дереккөз болып табылады.

Тілдік тұлға дискурсы басқа бір қырынан парасат сүзгісінен өтуі үшін бүгінгі білім парадигмасының соны бағыттағы ұстанымдарына иек артамыз. Соның бірі болып табылатын паралингвистикалық амалдар қатарына қимыл-қозғалысқа салынған кодтық белгілер жиі талдауға түскенімен, физиогномикалық маска, сәндік әшекейлер, киім кию мәнері назардан тыс қалып келеді. Киім атаулары бейвербал коммуникацияның «тілсіз тілі» қызметінде келіп, вербалды тілге-сөзге қосымша, баламалы коннотация тудыру арқауына айналған. Адамның түрлі көңіл-күй амалдарын вербалды, сөз қуаты арқылы тікелей жеткізе алу – сөз өнерінен биік шеберлікті талап етері мәлім. Мұның бәріне дәлел – ақынның шығармашылық шеберханасы. Сонымен қатар, «тілсіз қарым-қатынасты» білдіретін бейвербал амалдардың да рөлі аса зор. Жеткізетін ақпараттар мазмұнына қарай бейвербал амалдардың мына негізгі түрлері: кинесика, просодика, проксемика, такесика, хронемика, ольфакция, гастика сияқты паралингвистика амалдарының қай-қайсысы болсын көркем мәтінде біршама қарастырылып келеді [2,76]. Бейвербал амал дегенде негізінен осы түрлеріне баса мән беріледі. Ал Абайдың шығармашылығы бойынша, алдыңғы зерттеулерімізде кинетикалық тәсілдердің (дене қимылы, бет-әлпет қозғалысы) семиотикалық мән-мазмұны коммуникативтік жүйе қатарында қарастырылған болатын. Әйтсе де, киім атаулары, олардың көркем дискурстағы қызметі бейвербал тіл қатарында қарастырылмай, жете көңіл бөлінбей келеді.

Ақынның тілдік тұлғасындағы киім атаулары әлеуметтік мазмұн иеленген этнотаңбалы мәнде қолданылады. Белгілі бір этнотанымдық қызмет атқаратын қолданыстардың ұлттық мәдени семантикасын анықтауға дискурстық талдау барысында ғана толық мүмкіндік аламыз. Әрі қарай, негізгі бөлімде талданатын мәселелерге қысқаша бағдар бергенді жөн көрдік:

Абайдың шығармаларында материалдық мәдениеттің қатарына жататын киім лексемалары кейіпкерлердің мінез-құлығын сипаттау үшін стильдік мақсатта, концептуалдық аяда қолданылған. Сонымен қатар, бейвербал қарым-қатынастың басты белгісінің бірі – кейіпкердің киім киісін сипаттау, баламалы мағына тудыратын стильдік тәсіл міндетін атқарады.

Мысалы, қазіргі тілмен айтқанда, эстетикалық талғамы жоғары қазақ қызы әдемілік пен әсемдікті серік еткенін Абайдың тілдік тұлғасы «Білектей арқасында өрген бұрым» өлеңінде назарға алады. Шолпысы сылдыр қаққан, кәмшат *бөркі* айдай жүзіне жарасқан десе, «Жазғытұры» өлеңінде: жер жүзіне өң берген гүл-бәйшешектей жақсы *киімімен* құлпырған қыз-келіншек, адам көркі – шүберек арқылы қуаныш-қызығын, мінез сұлулығын қоса толықтырып тұрғандай. Ал «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» деген келесі бір шығармасындағы алтын-күміспен зерленген, қамқа торғын кесе де, ет жүрегін саудаға салмай, сән-салтанатын байлыққа айырбастамай «жартастан қыз құлайды терең суға». Қымбат киім сән-салтанат өтеуі бола алмайды...

«Қыс» шығармасында қазақтың құдасы ұшпадай *бөркін* киіп, оқшырайтып, образға енсе, «Кім екен деп келіп ем түйе қуған, қатын ғой *күлдәрімен* белін буған» контекстінде ауа райына бағына киінген шаруа тұрмысы суреттеледі.

Негізгі бөлімдегі зерттеу барысында, киім атауларының ұлттық мәдениеттен ақпарат жеткізетін этнолингвистикалық сипаты кеңінен қарастырылады.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Тіл – бүкіл адамзаттың рухани әлемін құрайтын қоғамдық құбылыс. Ұлттың этникалық сипаты ғана емес, рухани-мәдени өмірінің айнасы және антропологиялық танымының өзегі.

Бүгінгі ғылыми парадигма тұрғысынан алғанда, Абайдың тілдік тұлғасы әр қырынан зерттелу үстінде. Қазіргі антропоэлекттік зерттеу бағытындағы ұстанымдарға сәйкес, осы мақалада көтерілген мәселелер ұлт–тіл–мәдениет сабақтастығында алынып, уақыт – кеңістік (хронотоп) – адам ұштағанымен өзектес сараланады [3, 9]. Тиісінше адам феноменінің қоғамдық – әлеуметтік мазмұны суреттер шеберлігімен, оның ой-пайымының концептуалды ұстанымымен орайласқан.

Зерттеу мақаласының әдіснамалық негіздері лингвомәдениеттану, этнолингвистика және көркем мәтін герменевтикасының теориялық-практикалық мәселелерін қарастырған отандық және әлемдік тіл біліміндегі ғылыми дерек көздеріне сүйене, зерделенеді [4; 5; 6; 7; 8]. Талдау, жинақтау, бақылау сияқты жалпы дидактикалық әдістермен қатар, нақты дискурстық талдау жасалады. Лингвопрагматикалық бағыттағы әдіс-тәсілдер басшылыққа алынады.

Абайдың дискурсы мәдениет пен тіл бірлігінің синкретті түзілісі десек, ондағы лингвомәдени бірліктердің иллюкутивті қызметі мен стильдік мәні экспресивті коммуникативті қызмет аясында анықталады. Сонымен қатар, когнитивті-прагматикалық аспектілермен ұштаса репрезентацияланады.

НӘТИЖЕЛЕР

Ұлы Абай негізін қалаған «толық адам» ілімі әлі де тереңдей зерттеуді қажет етеді. Жан-жақты толыққан, кемел білім иесінің ойлау мәдениеті де, қоғамдық ортадағы тәрбие әдебі мен киіну мәдениеті де үйлесе келуі қажет. Осы бір қарапайым постулатты меңгерген «Толық адам» ілімі – жалпы адамзаттық құндылықтарды насихаттайтын идеямен суарылған. Кемел адам тұлғасының қалыптасуы – адамзатқа ортақ моральдік ұстанымды өзектендіре түседі. Өйткені, адамның сыртқы дүниесі мен ішкі әлемі үйлесімде келуі, оның кемелденуінің бір белгісі екені даусыз. Толық адам ілімінің басты ұстанымы – бүгінгі біздің қоғамның да рухани алғышарты болып табылары сөзсіз. Сондықтан да, толық адамды мұрат тұтқан идея өміріміздің кез келген саласының негізгі тұғырығына айналуы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, Абайдың дискурсындағы көркемдік амалдың бірі ретінде қолданылып тұрған вестилды лексиканың әлеуметтік уәжділігі аса өзекті. Яғни адамның сыртқы киімінен бастап, ішкі ой-әлеміне дейін оның ақыл-парасатымен үйлесіп, қоғамдық ортаның адамгершілік талаптарына сай келуі міндетті.

Паремиялар, салт-дәстүрге байланысты сөздер, зоонимдермен қатар, заттық мәдениет атаулары (вестемалар) да ұлттық ерекшелікті танытатын тілдік көрсеткіштер болып табылады. Алайда, осы жіктемелердің ішіндегі киім атауларының қызметіне жете көңіл бөлінбей келді.

Осы тұста ескертетін бір жайт: зерттеудің *мақсат-міндеті* – белгілі бір әлеуметтік топтың *киімі* арқылы олардың ой-танымын, мінез-құлқын сипаттау.

1. Прагмалингвистикалық интерпретацияның уәжді қызметі – киім арқылы, немесе киім атауларын «сөйлете» отырып, адам концептісінің қалыптасуының бір қырын көрсету; Яғни дискурстық талдауға түскен образдардың іс-әрекеті мен мінез-құлқын, таным-түсінігін қоғамдық ортаның көрсеткіші деп пайымдау; Сөйтіп адам концептісі оның киімі арқылы өзге бір қырынан қалай ашыла түсетінін көрсету.

2. Нәтижесінде, вестемалар (киім атаулары) этномазмұн иеленген лингвомәдени жүйе дерегі ретінде контекстуалды қызмет атқарып тұрғанын саралау мақсаты қойылды.

3. Ішкі формасы әлеуметтік мазмұнға қаныққан этнолингвистикалық деректер – тілді адамның рухани өмірімен, сана сезімімен етене байланыстыра қарастыруы – диалектикалық заңдылық. Соған сәйкес, халықтың рухани және материалдық мәдениетін көрсететін этнобелгілер образ ашу үшін пайдаланылған. Бұл лингвомәдени бірліктер автор идеясын ашатын сыртқы экстралингвистикалық фактор ретінде өзектелген.

4. Тілдік тұлғаның прагматикалық деңгейіне қатысты жасалған талдаулар мына мәселелерді анықтауға бағдар сілтеді. Абайдың дискурсындағы бейвербал амалдар тілдік тұлғаның өзіндік таным әлемінің мазмұнын айқындаушы стильдік әдіс болып табылады.

Вестиалды лексиканың коммуникативтік мәні мен мағынасының актуальдануына тілдік және тілдік емес факторлар ықпал еткен. Лингвомәдени бірліктердің ғылыми-практикалық маңыздылығы оның тілдік және тілден тыс реалды әлемді бейнелеумен тығыз байланысты. Көркем дискурстағы сөз мағынасының актуальдану үдерісі алдыңғы орынға шыққан.

Зерттеу тақырыбының болашақтағы *зерттеу гипотезасы-жобасына* мына мәселелерді нысана етеміз. Абай поэзиясындағы ұлтымыздың рухани құндылықтарын өзге тілге сапалы тәржімалау – қазақ көркем аударматану ғылымының маңызды бір міндетіне айналып отырғаны да – шындық.

Зерттеу нәтижелерінен шығатын қорытынды: ұлт мәдениетінің бір бөлшегі болып табылатын ұлттық киім атаулары – сол ұлтқа ғана тән, өзіндік ерекшелігі бар мән иеленген. Олар реалиялар қатарын құрайтыны әр кез есте болуы қажет. Сондықтан ұлттық нақышымызды танытатын бірліктердің формалық-мазмұндық тұрғыдан сауатты *аударылуы* – аударма үдерісінде басты назарда болатын ұстаным.

Тиісінше, алдағы зерттеу үдерістерінің гипотезасы былайша жіктеледі: а) бүгінгі мәдениетаралық қарым-қатынас барысында қазақ ұлттық киімдері атауларының аудармада берілу қиындықтары мен ерекшеліктерінің ғылыми сипатын анықтау; ә) сән индустриясы қарқынды дамып отырған бүгінгі қоғамдық ортада сән саласы терминологиясының дамуына қосар үлесін бағамдау; б) бұл өз кезегінде аударманың біртұтас концепциясын құруға негіз қалайтын интегративтік тәсілді жетілдіреді; в) кешенді зерттеу парадигмасымен бірлікте болатын түрлі мәдениеттердің айырмашылығы мен ортақ, әмбебап белгілері арқылы «киім» концептісін анықтау; г) аударма теориясы мен практикасының ғылыми негізіне қатысты алғанда, аударма үдерісінің, яғни салалық аударманың (сән индустриясы терминдерін қалыптастырудың), нақты, өзекті мәселелерін шешу жолын қарастыру міндеті белгіленіп отыр.

ТАЛҚЫЛАУ

Прагмалингвистикалық, психолінгвистикалық бағыттағы герменевтикалық талдаулар, Абайдың тілдік тұлғасының концептуалды танымдық деңгейін айқындаудағы басты бағдар болары анық.

Қазақ киімі – ұлттық мәдениеттің жарқын көрінісі. Абайдың тілдік тұлғасы арқылы талданып отырған вестиалды лексика – өткен дәуір тынысын танытуға да «қабілетті». «Қазақтың киім-кешегі – айналадағы ортаның, оның үскірік аязы мен аңызға желінің әсерімен, бар өмірі көлік үстінде өткен көшпелі қауымның іс-қаракетімен байланысты қалыптасқан заттық мәдениетінің көрінісі. Онда халықтың әсемдік талғамы, өмір салты, өткендегі әлеуметтік хал-ахуалы айқын сезіледі» [9, 56]. Ұлт руханиятының жанашыры Ө.Жәнібековтің осы пікіріне қосарымыз: киім атауларының (вестиалды лексиканың) этнолінгвистикалық табиғаты қоғамдық ортаның әлеуметтік-мәдени өмір салтының коды ретінде, сонымен етене байланыста алынуы керек.

Абай шығармаларындағы эстетикалық, әлеуметтік және мәдени-семиотикалық код қызметін атқарған осындай тілдік бірліктер қатарына: оқалы киім, жарғақ шалбар, жыға, кәмшат бөрік, күләпара, мықшима етік, киіз байпақ, шидем шекпен, пұшпақ тымақ, шапан сияқты сырт киім атаулары алынған. Олар – нақты бір қызмет, этнотанымдық коннотациясы бар қолданыстар.

Абайдың тілдік тұлғасы «Ескілік киімі» шығармасында ертеден келе жатқан қазақ жұртының киіну салтымен таныстырады:

«Ойланып ойға кеттім жүз жылғы өткен,
Тон қабаттап, кигенім – шидем шекпен
Жейде-дамбал ақ саңнан, жарғақ шалбар,
Жырым балақ, матамен әдіптеткен.
Мықшима аяғымда былғары етік,
Киіз байпақ тоңдырмас ызғар өтіп.

Үлкен кісе белімде жез салдырған,
Шақпағым, дәндәкуім жарқ-жұрқ етіп,
Күләпра бастырған, пұшпақ тымақ»... [10, 150]

«Шығарма идеясы сөзден сурет салу, әлде белгілі бір образ жасауды мақсат етпеген. Біздіңше, тілдік тұлға өз дискурсында а) ұлттық киім үлгісін - «ескілік киімін» - жаңа заманға бейімделіп келе жатқан, орыс үлгісімен киіне бастаған оқыған жастардың ұлттық болмысқа сай танып, бағалауына; ә) қазақ халқының киім кию салтының өзіне тән ерекшелігіне; б) дала жағдайына ыңғайластырылған, жүріп-тұруға қолайлығына да мән беруді жөн санаған деп бағамдауға болады [11, 198].

«Жүз жылғы» киім кию салты көшпелі дала қазағының тұрмыс-тіршілігіне әбден бейімделген. Ыстық-суыққа, жол жағдайына сай киінген адамға керекті құрал-жабдыққа дейін өз бойынан табылады.

Мәтіндегі қой жабағысынан тігілгені қалың күпі, шидем шекпен, жарғақ шалбар, ызғар өтпес киіз байпақ, оқшантаймен қатар тұрар былғары қалта – дәндәку, тобылғы тиек құрысқақ, шақпақ пен шідер – жезді пыстан-шеге – бәрі қысқы суықта алаңсыз, бес қаруы сай болып, сапар шегуге, жолға шығуға мейлінше лайықталған. Заттық тұрмыстық мәдениетке қатысты осы бұйымдар шынайы өмір, шындық дүниесі жағдайынан хабардар етеді.

Ойыл мен Сағыз бойын мекендеген қазақтардың киім-кешегін палеоэтнологиялық деректермен салыстыра зерттеген С.И.Руденко күпінің қазаққа, оның ата-бабасына, кем дегенде бұдан екі мың жыл бұрын белгілі болған киім үлгісі екенін дәлелдеген [11, 200].

Абай назар аударған «ескілік киімінің» сипаты жоғарыдағы ғылыми деректермен дәл келуінің өзі өмір айнасы – көркем әдебиет пен ғылыми сараптама материалдарының бір-бірін толықтыратынына, дәлдігіне айғақ болса керек.

Вестиалды лексиканың образ ашудағы әлеуеті жоғары. Олар тек атауыштық қызметте емес, денотаттық мәнінен тереңдеп, коннотациялық реңкпен толыққан, нәтижесінде материалдық мәдениет (киім, оның бөліктері) рухани мәдениетті танытар стиллема – көркемдік стиль қызметінде тұр.

Абайдың дискурсында ел ішіндегі малға бай, бірақ «мінезге кедей», «өңкей қикымдарға» портреттік мінездеме өздерінің киім кию әдебі арқылы, соған сай іс-әрекеті арқылы уәжделеді.

Ақынның «Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ» деп басталатын шығармасы тұтастай портреттік суреттемеге құрылған. «Портрет» кімдердікі? Олар – елдегі «сырын түземей, сыртын түзген», «қу борбай, сымпыс шолақтар». Үстіндегі қымбат киімдері ішкі мінезінің «жұтандығын» көрсетіп-ақ берген. Сырын емес, сыртын «сылаған», даңғой сәнқой бейнесінің бір суреттемесі: «Қарсы алдына жымырып келтірем деп, // *Ақ тымақтың* құлағы салтақ-салтақ, // Жазды күні *ақ бөркі* бүктелмейді-ақ, // Қолында бір сабау бар о дағы аппақ, // Керегеге сабауды шаншып қойып, // *Бөркін* іліп, қарайды жалтақ-жалтақ» [10, 52].

Осы шығармада әрі қарай айтылатын: «Бір аршопке шапаны сондай шап-шақ, мүшесінен буынып, басады алшақ» деген мәнмәтіннің прагматикалық астары терең. Герменевтикалық талдаудың айтары мынау: киімі, яғни кейіпкердің өзіне лайықтап пішілген шапаны – бұл контексте сырт киім қызметін ғана атқарып тұрған жоқ. Сол заманның қуларының, «кеселді пысықтарының» жанына жағатын іс-әрекетінің символдық бейнеленуі. Дәлірек айтқанда, сондай ассоциация тудырушы прагматикон (бас пайдасын ойлаған пысықтық, жинақылық). Осы дикурстағы сондай *шап-шақ шапаны* синтагмасы арқылы әрі тура, әрі ауыспалы образды мәнде нақты бір стильдік жүк арқалап тұр.

Дискурстық талдауды әрі қарай интерпретацияға түсірсек, киім – образ – мәні одан әрмен тереңдей түседі.

«Қу шалбар қулығына болған айғақ, // Тізесін созғылайды қалталанса-ақ...» деген жолдардағы *шалбар* қалайша кейіпкер қулығының көрсеткіші бола алады? Әккі, айлакер, қу-мінез адам керек кезінде, яғни өз пайдасын ойлаған кезде, мінезін бірден өзгертіп, құбылып шыға келеді. Ол өңін өзгертіп басқа кейіпке ауысып, қулыққа басып, құбылып, «құйтын» етеді. Үстіне киетін шалбары тәрізді бірде созылып, бірде жиырылып, жүз құбылады.

Шалбардың бірде жиырылып, қалталанып қалуы немесе бірде оны созып, тартып қалпына келтіру әрекетінің суреттелуі – образ жасау үшін қызмет етіп тұр деуге болады. Шалбар – метонимия (көркемдегіш құрал). Иесінің қулығына дәйек болған қу шалбар – шаруаға олақ, сидаң жігіттің өз бейнесі.

Абайдың тілдік тұлғасының лингвопрагматикалық деңгейін айқындау барысында вестиялды лексиканың осылайша қатысымдық семантикада жұмсалыуына баса мән берілді. Өйткені, бейвербал амалдар, соның бірі киім – белгілі бір қатысымдық функция атқарып тұрғанына нақты дәлел бола алғаны анық.

Абайдың тілдік тұлғасында ащы сарказммен жазылған, саяси әлеуметтік мән иеленген осы шығарма – сол уақыттың хал-ахуалын танытып, әлеуметтік жағдайынан хабардар етіп тұрған психологиялық деректеме. Кейіпкердің қимыл мәнері мен әдет-дағдысы, қам-қарекеті оның ішкі әлемінің психологиялық қалтарыстарын ашуға ықпал етеді.

Ақын, ағартушы, қоғам қайраткері, хакім Абайдың шығармашылық шеберханасында арзаны арқылы адамгершілік қасиеттерді сын тезіне салуды мақсат тұтқан стиллема қызметтері аса маңызды.

«Бұл сөзді тасыр емес, талапты ұғар, көзі ашық, көңілінің сергегі үшін» дейтіндей сара сөздердің дискурс мәнін ашудағы прагматикалық уәждемесінің тілдік құзіреттілігі аса жоғары. Мысалы, «Күлембайға» шығармасы – сол «өз ырқы өзінен кеткен» замандастарын түзетуді көздейді. Немесе «ойда – қайрат, бойда – көзі» бар, көкірегі сәулелі жас ұрпақты сын тезіне салуды мақсат тұтады.

Киім атауларының символдық мәні бар.

Қоғамдық-әлеуметтік мазмұнға ие, прагматикалық уәждемесі зор шығармалар қатарында «тон» лексемасын негіз етіп алған мәнмәтіндерге герменевтикалық сараптама жасау нәтижесінде негізгі зерттеу тақырыбын одан әрі кеңейте түсеміз.

«Тон» этномәдени лексикасы сөз семантикасының үнемі динамикалық қозғалыстағы белсенді сипатымен уәждеделген. Бұл лексема өзінің әуелгі шығу этимологиясына сәйкес жалпы атау ретінде, киім деген ұғымды жинақтаушы жалпылық мәнде қолданылғаны белгілі. Кейіннен тілдің даму заңдылығы нәтижесінде нақты сыртқы киім (тон) мәнінде семантикалық өзгеріске түскеніне көз жеткіземіз. «Тон» лексемасы киімнің синонимі орнына жүретін жалпылама атау ретіндегі мағынасын тіліміздің фразеологиялық қабаты мен паремиологиялық қоры айқындап бере алады: «Орамал тон болмайды, жол болады» (киім бола алмайды, бірақ қазақи дәстүр жолына лайық болады). «Той – тондынікі, ас – аттынікі» (тойға таза, жақсы киініп бару – этикет-әдеп белгісі).

Тон (қасқыр ішік, құндыз тон, көк тон) – ертеде тек белгілі, атақты, ел жақсылары ғана киген киім немесе аса сыйлы адамдарға сыйға тартылатын сырт киім. Бас тон, қамқа тон, қырмызы тон, қызыл тон т.б. сәндік сырт киім түрі де бар [12, 228].

1. *Сыйлы тон – елі үшін төккен тердің өтеуі.* «Сыйлы тон» – еліне елеулі, халқына қалаулы, ерім дейтіндей еріне көрсетілер сый құрметтің белгісі.

Әдетте, елдегі сыйлы адам – атақ дәрежесін елінің абыройын асқақтату үшін жұмсаған қоғамдық сана иесі. Ол – ел бірлігі мен ел тұтастығын көксеген ер мінезді азамат болғандықтан, оқалы тонды елінің құрметі деп қабылдау әсте әбестік емес. Ал «Оқалы тон тола ма, ар ұятын сатқанға». Осы мәнмәтіндегі ой астары терең, оның мәні кодталған, «құпияланған». Ұлтының намысын, өз абыройын сатып алған тон кісіліктің төмендегенін білдіреді.

2. Тон – әлеуметтік орта жағдайынан хабардар етеді.

«Қараша, желтоқсан мен сол бір, екі ай» атты шығармасында: «Тоңған иін жылытып, тонын илеп // Шекпен тігер қатыны бүрсен қағып» [10, 77], дискурсы шаруа адамының төмен тұрмыстық жағдайынан хабардар етсе, келесі бір өлеңінде: «Шидем мен тон қабаттап, киген малшы // Бет қарауға шыдамай теріс айналды» [10, 78] деп шаруа адамының аязды күндегі аянышты халін одан әрмен сипаттай түседі. Оқырманға белгілі бұл көркем дискурстардың лингвомәдени құзіреттілігіне ден қойсақ, тілдік тұлғаның прагмалингвистикалық дигтенимін бірден аңғарамыз. Әлеуметтік топтың өз заманындағы өмір сүру деңгейі мен сол тұстағы

бастан кешкен жай-күйін, шығарма интенциясы арқылы тани аламыз. Шығарма авторының әлеумет үшін күйінген үні мен ел ағасы ретіндегі әділеттілікті аңсаған, жан толқуын қоса қабат танытып тұр.

3. Тон – күлкітоқтық белгісі болмау керек.

Мына дискурстың айтар уәжі: «Ат арықтар, тон тозар, қадір кетер, // Күлкіні онша күйлеп шуламалық» [10, 124]. Тәрбиелік мәні жоғары, өлең жолдарының даналық ойы тереңде жатыр. Өмірде бәрі де өтпелі. Астыңдағы атың да шау тартар. Үстіңдегі тоның (киімнің) да ескіреп. Бәрінің қадірі кетсе де, өз қадірінді кетірме! Құр күлкі, бос жүріспен, өмірінді өткізбе! Әсем тон киіп, мағынасыз тірлік кешуге әуестенбе! Одан әрі ой-қазығы «танымаған жерде тон сыйлы, таныған жерде ой сыйлы» паремиясынан шығатын ойға мегзейді. Сөйтіп, «тайға міндік, тойға шаптық / жақсы киім киініп, // үкі тақтық, күлкі бақтық / жоқ немеге сүйініп» [3]. Өкініш білдіре отырып, күлкі тоқтыққа салынбауға шақырады.

Абай шығармасының тілінде кездесетін тағы бір вестиялды атау – жыға. «Пайда үшін біреу жолдас бүгін таңда, // Ол тұрмас бастан жыға қисайғанда, // Мұнан менің қай жерім аяулы деп, // Бірге тұрып қалады кім майданда?!» [10, 50] – осы мәнмәтіндегі поэтикалық көркемдікке қызмет етіп тұрған жыға лексемасы. «Ерте заманда түркі халықтарында жоғары дәрежелі үстем тап өкілдері – хандар, патшалар, әскербасылары бас киімдеріне, құс қауырсынын таққан. Асыл тастармен безендірілген мұндай айырым белгісі «Жыға» деп аталған. Жыға бас киімнің маңдайына, не желке тұсына, немесе екі шеке тұсына шаншыла қадалған. Жыға түгелдей алтыннан құйылып, қауырсын түрінде де жасалды» [13, 43]. Басын қадірлеген мұсылман жұрты өз қадірін осылай әспеттей көтерген. Осы мәнмәтінде де этнографиялық жыға атауы түркі тілдерінде ортақ мәндегі бірнеше сипатта келген.

ҚОРЫТЫНДЫ

Абайдың өміршең туындыларында көтерілген мәселелер уақытқа сәйкес өзектілігін жоғалтпайы. Оның ой-тұжырымдары бүгінгі жаһандану заманының өзінде жаңа тынысын ашып, көркем шындықтың өмір шындығын көрсете алғанын дәлелдегендей. Сөз қуаты арқылы қоғамды жетілдіруді мақсат тұтқан ақын «терін емес, телміріп» арын сатқандарды және кісілігін емес киімін жоғары қойғандарды әлеуметтік ортаның жемісі немесе күйкі тірлікті күйттегендер ретінде сынға алады.

Тіл – этностың таным-құралы ғана емес, ұлттың мәдени коды ретінде дәйектелген, соған сәйкес тілдік тұлғаның лингвокогнитивтік, лингвопрагматикалық деңгейін айшықтайтын деректердің атқарар қызметі зор. Атап айтқанда, бейвербал амалдар арқылы уәждеделген тілдік бірліктердің бірі, киім атауларының атқарар концептуалды қызметі аса маңызды. Абайдың тілдік тұлғасы деңгейлері негізінде киім атауларының лингвомәдени сипатын берудегі лингвокогнитивтік мақсат былайша уәждеделді:

- жас ұрпақ халық мұрасының озық үлгілерін танып білгендіктен, ұлттық мәдениетіміздің жаңғыруына қызығушылығы артады, дала мәдениетінің философиялық қоғамдық-әлеуметтік мазмұнын ұлттық рух тұрғысында қабылдайды;

- тілдік тұлға деңгейі мен оның идиостилинің жалпы тілдік сипаты ұлт – тіл – мәдениет бірлігімен үндесе келген айқындаушы фактор болып табылатыны дәлелденді;

- ақын дискурсындағы этнолексемалар – автор танымындағы дүниенің тілдік бейнесін идиостилін айқындаушы фактор. Сонымен қатар, олар – нақты қоғамдық ортаның шынайы, тілдік көрсеткіші әрі этномәдени таңбасы. Адамның киімі арқылы мінез-құлқын тану немесе киім кию әдебін, образ ашуға ықпал ететін прагматикон ретінде тану – суреткер шеберлігін көрсететін көркемдік әдістің бір қыры деп бағаланады;

- тілдік тұлға дискурсының ұлттық рух пен ұлттық танымды зерделеуге бағытталған прагматикалық деңгейі сөз мағынасының актуальдану үдерісіне қарай айқындалады және өз концептуалды мәнін толық ашып көрсете алады.

Абай ақын шығармашылығы – адамгершілікке, рухани кемелдікке тәрбиелеу алаңы. Киім – адам көркі шүберек болса, адамгершілік қасиет – мінез көркі бола алады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Тоқаев Қ.К. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан. «Егемен Қазақстан», 09.01.2020
- 2 Бругян Л.Г. Біз сөйлемей сөйлейміз (әртүрлі мәдениеттердегі вербалды емес коммуникация). – Ереван, 2015, – 76 б
- 3 Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). – Алматы: Дайк-Пресс, 2009. – Т.1. – 784 б.
- 4 Худойбердиева Д.Ч. Түрлі жүйелік тілдердегі әйелдер киімі мен сәнінің сөздік қорына этнолингвистикалық және құрылымдық талдау (орыс, тәжік және ағылшын тілдерінің материалдары негізінде, 2019. – 28 б.
- 5 Wang Dan. Russian and Chinese lexeme “clothes” / Wang Dan // Traditions and innovations in the teaching of Russian language and literature: mater.reports and messages of the XVI International scientific method.conf, - SPb.: SPGUTD. 2011 – pp. 209-212 (0.25 pp.1.).
- 6 Шамигулова А.Т. Башқұрт тіліндегі киім-кешек пен зергерлік бұйымдардың лексикасы, 2015. – 27 б.
- 7 Imamkulova, S. I. (2022). Intensity of word meanings and lingua-culturology. Eurasian Journal of Academic Research, 2(2), 344-348.
- 8 Karina Kolesnikova (2023). The notion of linguocultureme and its types. American Journal of Research in Humanities and Social Sciences, 12, 19–21. Retrieved from <https://americanjournal.org/index.php/ajrhss/article/view/795>
- 9 Жәнібеков Ә. Уақыт керуені. –Алматы: Жазушы, 1992. – 192 б.
- 10 Абай Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т. 1: Өлеңдер мен аудармалар. – 2005 – 296 б.
- 11 Мұратова Г. Абай тілі және қазақ тілі білімінің мәселелері. – Т.1. Абай сөзі – парасат әлемі: лингво-танымдық зерттеу. Нұр-Сұлтан: 2021. – 228 б.
- 12 Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 356 б.
- 13 Жанпейісов Е. Қазақ ескіліктері. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2018. – 352 б

Материал 22.01.2024 баспаға түсті

Характер этнокультурной лексики в языковой личности Абая

Г.А. Муратова

Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Астана, 010008, Республика Казахстан

В статье рассматривается лингвокогнитивный уровень этнокультурной лексики (наименований одежды) на основе языковой личности Абая как источник национального познания и национальной культуры. Теоретической ценностью исследования является дифференциация языкового мира Абая «в единстве нация – язык – культура» в соответствии с положениями парадигмы образования в современной лингвистике. В результате исследования анализируются этнокультурные единицы в поэтической системе языковой личности. Они даны в ранге кода, обладающего духовным социальным значением. Методологические основы исследовательской статьи рассматриваются в направлении лингвокультурологии, этнолингвистики и герменевтики художественных текстов. Определение трудностей и особенностей названий казахской национальной одежды в процессе перевода – часть будущих исследований.

Ключевые слова: лингвокультурология, язык и этнос, вестибулярная лексика, названия одежды, национальная культура, семиотический символ, стиллема, герменевтический анализ, языковая единица.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Токаев К. К. Абай и Казахстан в XXI веке. "Суверенный Казахстан", 09.01.2020
- 2 Бругян Л.Г. Говорим, не говоря (Не вербальная коммуникация в разных культурах). – Ереван: Изд-во ЕГУ, 2015, – 76 с.
- 3 Кайдар А. Казахи в мире родного языка (этнолингвистический словарь). – Алматы: Дайк-Пресс, 2009, – Т. 1. – 784 с.
- 4 Худойбердиева Д.Ч. Этнолингвистический и структурный анализ лексики женской одежды и моды в разносистемных языках (на материале русского, таджикского и английского языков), 2019 г. – 28 с.
- 5 Wang Dan. Russian and Chinese lexeme “clothes” / Wang Dan // Traditions and innovations in the teaching of Russian language and literature: mater.reports and messages of the XVI International scientific method.conf, - SPb.: SPGUTD. 2011 – pp. 209-212 (0.25 pp.1.).
- 6 Шамигулова А.Т. Лексика одежды и украшений в башкирском языке, 2015, – 27 с.
- 7 Imamkulova, S. I. (2022). Intensity of word meanings and lingua-culturology. Eurasian Journal of Academic Research, 2(2), 344-348.
- 8 Karina Kolesnikova (2023). The notion of linguocultureme and its types. American Journal of Research in Humanities and Social Sciences, 12, 19–21. Retrieved from <https://americanjournal.org/index.php/ajrhss/article/view/795>
- 9 Жанибеков О. Караван времени. – Алматы: писатель, 1992. – 192 с.
- 10 Абай Кунанбаев. Полное собрание сочинений в двух томах. – Алматы: Писатель. – Т. 1: стихи и переводы. – 2005-296 с.
- 11 Муратова Г. Язык Абая и проблемы казахского языкознания. – Т. 1. Слово Абая-мир разума: лингвокогнитивное исследование. Нур-Султан: 2021. – 228 с.
- 12 Манкеева Ж. Познавательные основы этнокультурных названий в казахском языке. – Алматы: Шелковый путь, 2008. – 356 с.
- 13 Жанпейсов Е. Казахские старины. – Алматы: изд-во «Казахский язык», 2018. – 352 с.

Материал поступил в редакцию журнала 22.01.2024

The nature of ethnocultural vocabulary in the linguistic personality of Abai

G.A. Muratova

L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, 010008, Republic of Kazakhstan

The article considers the linguistic and cognitive level of ethnocultural vocabulary (names of clothes) based on the linguistic personality of Abai as a source of national knowledge and national culture. The theoretical value of the research is the differentiation of the linguistic world of Abai in the unity of nation – language – culture in accordance with the provisions of the paradigm of education in modern linguistics. As a result of the research, ethnocultural units in the poetic system of a linguistic personality are analyzed. They are given in the rank of a code with a spiritual social meaning. The methodological foundations of the research article are considered in the direction of linguoculturology, ethnolinguistics and hermeneutics of a literary text. The identification of difficulties and peculiarities of the translation process of Kazakh national clothing names is the subject of further research.

Key words: linguoculturology, language and ethnicity, vestial vocabulary, clothing names, national culture, semiotic symbols, stillem, hermeneutic analysis, linguistic unity.

REFERENCES

- 1 Toqaev, Q.K. *Abay jane XXI gasırdagı Qazaqstan* [Abai and Kazakhstan in the 21st century]. (Egemen Qazaqstan, 09.01.2020). [in Kazakh]

- 2 Brutyan, L.G. (2015) *Govorim, ne govorya (Neverbal'naya kommunikatsiya v raznykh kul'turakh)* [We speak without speaking (Nonverbal communication in different cultures)], Yerevan. [in Russian]
- 3 Qaydar, A. *Qazaqtar ana tili aleminde (étnolingvistikalıq sozdik)* (2009) [Kazakhs in the mother tongue world (ethnolinguistic dictionary)], Almaty. [in Kazakh]
- 4 Khudoyberdiyeva, D.Ch. (2009) *Etnolingvisticheskiy i strukturnyy analiz leksiki zhenskoy odezhdy i mody v raznosistemnykh yazykakh (na materiale russkogo, tadzhikskogo i angliyskogo yazykov)* [Ethnolinguistic and structural analysis of the vocabulary of women's clothing and fashion in languages of different systems (based on the material of Russian, Tajik and English languages)] Dushanbe. [in Russian]
- 5 Wang Dan. Russian and Chinese lexeme “clothes” / Wang Dan // Traditions and innovations in the teaching of Russian language and literature: mater.reports and messages of the XVI International scientific method.conf. (SPb.: SPGUTD, 2011). [in English]
- 6 Shamigulova, A.T. *Leksika odejdi i ukrashenii v bashkirskom yazıke* (2015) [Vocabulary of clothes and decorations in the Bashkir language], Ufa. [in Russian]
- 7 Imamkulova, S. I. (2022). Intensity of word meanings and lingua-culturology. Eurasian Journal of Academic Research, 2(2), 344-348. [in English]
- 8 Karina Kolesnikova (2023). The notion of linguocultureme and its types. American Journal of Research in Humanities and Social Sciences, 12, 19–21. Retrieved from <https://americanjournal.org/index.php/ajrhss/article/view/795> [in English]
- 9 Janibekov, O. *Uaqyt kerueni* (1992) [Time caravan], Almaty. [in Kazakh]
- 10 Qunanbayulı, A. *Shygarmalarınyn eki tomdıq tolıq jinagy* (2005) [Complete two-volume collection of his works], Almaty. [in Kazakh]
- 11 Muratova, G. *Abay tili jane qazaq tili biliminin maseleleri* (2021) [Problems of Abai language and Kazakh language education], Nur-Sultan. [in Kazakh]
- 12 Mankeeva, J. Qazaq tilindegi etnomadeni ataulardı tanımdıq negizderi [Cognitive bases of ethnocultural names in the Kazakh language], (Almaty, 2008). [in Kazakh]
- 13 Janpeyisov, E. Qazaq eskiliktery [Kazakh antiquities]. (Almaty, 2018). [in Kazakh]

Received: 22.01.2024

MFTAP 16.21.51

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss1pp145-156](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss1pp145-156)

Д. Оспанова¹, А.Раева¹, Т.Акташ Өзкан²

¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010000, Қазақстан Республикасы

²Измир демократиялық университеті, Измир, 35000, Түркия Республикасы

«ИТ ЕКЕНСІҢ!» – ҚАЗАҚ-ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕ ХАЙУАН АТТАРЫНЫҢ ЭМОТИВТІ КОННОТАЦИЯСЫ ҚАНДАЙ?

Мақала қазақ және түрік тілдеріндегі хайуан аттарының эмотивті коннотациялық семантикасын талдауға арналған. Зерттеушілер тіл және эмоция арасындағы өзара байланысқа қатысты ой түйіндегенде, әдетте эмоцияны сипаттаушы сөздерге басымдық беріп жатады. Ал бұл зерттеу мақаламызда эмоциялардың тілдік дыбыстық формаларынан бастап, лексика және семантикасына, онымен қоса тілдесімдегі көрінісіне дейін тілдің түрлі құрылымдарымен жымдаса байланыс құратынын көрсетуге тырыстық. Мақаланың мақсаты – қазақ және түрік тілдік-мәдени алаңында зооним негізді эмотивтердің тілдесім кезіндегі ситуацияға әсерін анықтау, эмотивтердің әлеуетін, әр сөздің екі түрлі мәдени түйсікке сай эмотивті реңін көрсету. Осыған байланысты көрсетілген мақсатқа